

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Филология факультеті
Қазақ әдебиеті кафедрасы

Ministry of Science and higher education of the Republic of Kazakhstan
L. N. Gumilyov Eurasian National University
Faculty of philology
Department of Kazakh literature

**«ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР ТОҒЫСЫНДАҒЫ ӘДЕБИЕТТАНУДЫҢ
ЖАҢА ПАРАДИГМАЛАРЫ»**

ҚР Мемлекеттік сыйлығының және ғылым саласындағы Ш.Уәлиханов атындағы сыйлықтың иегері, ҚР ҰҒА академигі, Қазақстан Республикасы ғылымына еңбегі сіңген қайраткер **ЗӘКИ АХМЕТОВТІҢ** 95 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция

МАТЕРИАЛДАРЫ

4-5 МАМЫР, 2023 ЖЫЛ

Астана, 2023

MATERIALS

**«NEW PARADIGMS OF LITERARY STUDIES AT
THE CROSSROADS OF THE HUMANITIES»**

International scientific and theoretical conference dedicated to the 95th anniversary of the winner of the state prize of the Republic of Kazakhstan and the Sh.Ualikhanov Prize in the field of science, academician of the NAS of the Republic of Kazakhstan, Honored Worker of science of the Republic of Kazakhstan **Zaki Akhmetov**

4-5 MAY, 2023

Astana, 2023

ӘОЖ821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Каз)

Г91

Жалпы редакциясын басқарған:
Басқарма төрағасы-ректор Е. Сыдықов

Редакция алқасы: Ж. Құрманғалиева, У. Жорақұлов (*Ташкент, Өзбекстан*), Н. Ыйсаева (*Бішкек, Қырғызстан*), Ғ. Нұрғалиева, А. Бейсенбай, Қ. Кемеңгер (*жауапты шығарушы*), Қ. Байтанасова, М. Оразбек, С. Сагидуллиева.

«Гуманитарлық ғылымдар тоғысындағы әдебиеттанудың жаңа парадигмалары»
Қазақстан Республикасы ғылымына еңбегі сіңген қайраткер, ҚР ҰҒА академигі Зәки Ахметовтің 95 жылдығына арналған Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. 4-5 мамыр 2023 жыл/ Жалпы редакциясын басқарған: Е. Сыдықов. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2023. – 310 б.

ISBN 978-601-337-843-5

Жинаққа 2023 жылы 4-5 мамырда Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Қазақ әдебиеті кафедрасы ұйымдастырған аса көрнекті әдебиеттанушы ғалым, ҰҒА академигі Зәки Ахметовтің (1928-2002) 95 жылдығына арналған «Гуманитарлық ғылымдар тоғысындағы әдебиеттанудың жаңа парадигмалары» атты Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары енді. З. Ахметовтің ұлттық гуманитарлық ғылым тарихындағы орны мен ғалымдық тұлғасын зерделейтін мақалалар және бүгінгі әдебиеттану, фольклористика, тіл ғылымы мен оны оқыту әдістемесін қарастырған ғылыми зерттеулер топтастырылды.

Басылым ғылыми қызметкерлерге, білім алушыларға, оқу, білім, руханият саласының мамандарына, ұлт тарихына ынтызар көпшілік оқырманға арналған.

ISBN978-601-337-843-5

ӘОЖ821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Каз)

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

«Қорғансыздың күні» шығармасында Ғазизаның, зағип шешесінің, кәрі әжесінің қорғансыз қалған ауыр тағдыры туралы айтылып, бұл шығармалардың басын қосып тұрған ортақ сюжет арнасы ашылады. Ал, өлең, мысал, қысқа әңгіме кезінде тақырыптық түсінік беру жеткілікті. Оқушыларға мәтінді жеке бөліктерден тұтас, кешенді талдауға дайындау қажет. Мәселен, көркем мәтіннен эпизодтарды бөліп алуға үйрете отырып, оларға жоспар құруды, шығарма бөліктеріне тақырып қоюды тапсыруға болады. Одан соң шығарма құрылымының ерекшелігін ашқызып, автордың идеясын, кейіпкерлер жүйесін, шығарманың тіл көркемдігін айқындаймыз.

Көркем шығарманы талдау үстінде қаламгердің тіл шеберлігі де ашылады. Мәтін тілін шартты түрде екіге бөлеміз: жазушы тілі және кейіпкер тілі. Шығармадан алынған бейнелі көркем сөз оқушылардың тіл байлығын еселеп, сөздің мәнін ұғуға, эстетикалық талғамын оятуға ықпал етеді.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Қ.Бітібаева. Әдебиетті оқыту әдістемесі. – Алматы, 1997.
- 2 Әдебиеттану. Терминдер сөздігі (Құраст. З.Ахметов, Т.Шаңбай). – Алматы, 2006
- 3 Қ.Алпысбаев. Көркем мәтінді әдеби талдау. – Алматы, 2019.
- 4 Қирабаев С. Өнер өрісі. – Алматы, 1981.

ӘОЖ 7.031.2

МУЗЕЙ ЭКСПОЗИЦИЯСЫНЫҢ МӘНІ МЕН МАҚСАТЫН АЙҚЫНДАУДАҒЫ «ТҮЛҒАТАНУ» МӘСЕЛЕСІ

Ахметова С.

*Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «Білім тарихы» музейінің
меңгерушісі, тарих ғылымдарының магистрі*

Астана қ., Қазақстан

E-mail: symbat_11051963@mail.ru

Аннотация. В данной статье автор рассматривает исторические факты в процессе возрождения имени М. Дулатулы в экспозиции «Алашская интеллигенция – Курган народного просвещения» музея «История Образования» Евразийского национального университета им.Л. Н.Гумилева. Под руководством академика З. Ахметова в Институте литературы и искусства им.М. Ауэзова Академии наук Казахской ССР М. О. Апсеметов 1991 году защитил кандидатскую диссертацию на тему «Творчество М. Дулатова в историко-литературном процессе начала XX века». Ссылаясь на этот научный труд автор знакомит читателя уважаемыми личностями Восточно-Казахстанского региона где работал учителем М.Дулатулы, также отмечает имена ряда исторических личностей страны.

Ключевые слова: Музей «История образования», алашская интеллигенция, персоналоведение, Миржакип Дулатулы, Заки Ахметов, Марат Апсеметов, меценат, Зайсан, Бекмухамбет указ, Жапабай кажы, род Тортуыл

Annotation. In this article, the author examines historical facts in the process of the revival of M. Dulatuly in the exposition "Alash intelligentsia – the Mound of National Enlightenment" of the Museum "History of Education" of the L. N.Gumilev Eurasian National University. Under the guidance of academician Z. Akhmetov at the M. Auezov Institute of Literature and Art of the Academy of Sciences of the Kazakh SSR M. O. Apsemetov defended his PhD thesis in 1991 on the topic "The work of M. Dulatov in the historical and literary process of the early twentieth century." Referring to this scientific work, the author introduces the reader to the respected personalities of the East Kazakhstan region where M.Dulatuly worked as a teacher, also notes the names of a number of historical figures of the country.

Keywords: Museum "History of Education", Alash intelligentsia, personnel studies, Mirzhakip Dulatuly, Zaki Akhmetov, Marat Apsemetov, philanthropist, Zaisan, Bekmukhambet decree, Zhapabai kazhy, rod Tortuyl.

2014 жылғы 26 қыркүйекте Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде Тәуелсіздік мұратына қызмет ететін, сан мың жылдың шежіресінен сыр тартатын тұңғыш «Білім тарихы» музейі университет ректоры, тарихшы ғалым Ерлан Бәтташұлы Сыдықовтың идеясымен, университеттің білікті ғалымдарының ат салысуымен ашылған болатын. Музей экспозицияларының композициялық құрылысы фотосуретті-сюжеттік әдіспен беру көзделіп, сирек экспонаттар мен Қазақ елінің ағартушы, зиялы тұлғалары мен оқу-білім саласының динамикасына қатысты материалдарды жүйелеп, бірегей тұжырымдамалық кілтті біріктіруге негізделген. Музей экспозицияларының композициялық құрылысы фотосуретті-сюжеттік әдіспен беру көзделіп, сирек экспонаттар мен Қазақ елінің ағартушы, зиялы тұлғалары мен оқу-білім саласының динамикасына қатысты материалдарды жүйелеп, бірегей тұжырымдамалық кілтті біріктіруге негізделген. Музей миссиясының бірегей концепциясының кілті – дала даналарының ағартушылық – педагогикалық ой-тұжырымдарындағы этникалық-психологиялық ойлау мәдениетінде шоғырланғандығына назар аударту. Ол - Туған жерді сүю, Отанды қорғау, елге қызмет ету, ғылым, саясат, экономика және т.б. қастерлі рухани ұғымдарға құрылғандығын қазақтың дарынды да дара тұлғаларының қызметі һәм тағдыры арқылы танып білумен ашылады. Музей экспозициялары әр кезеңдерден сыр тартады, сондай-ақ, әлеуметтік ырғақтар мен тарихи-мәдени трансформациялардағы өзгерістер адамзат болмысындағы «шындықты білу» ұмтылысын тудырып, ізденіске жетелейтіндігі өмірде сан мәрте дәлелденген факторлар.

Музейтанушы Н.Ф.Федоров музейді адамзатқа бауырластық орнатудың ең тамаша жобасы әрі ең жоғары органы ретінде қарастырды. Ол музей міндеттерінің басты қағидасы «тарихи шындық» пен «музейлік шындық» арқылы ұмытылғандарды қалпына келтіруге, әділетсіздік көргендерге құрмет көрсетуге шақыратын орын екендігіне назар аударта отырып «Музей есть высшая инстанция, которая должна и может возвращать жизнь, а не отнимать ее», деген қанатты сөз қалдырды [1].

«Білім тарихы» музейіндегі Алаш арыстанына арналған «Алаш зиялылары – халық ағарту ісінің қорғаны» тақырыбындағы экспозицияда З.Ахметовше айтсақ ұлт қазақ қоғамында қанат жайған демократиялық қозғалыстың ең ірі өкілдері А.Байтұрсынұлы, Ә.Бөкейхан, М.Дулатұлы, Ш.Құдайбердіұлы, М.Жұмабайұлы, тірісінде «әулие» деп мойындалған М.Жүсіп Көпейұлының бәдіреттері, «Алаш» партиясының программасының жобасы және кітаптары қойылған. Экспозиция Қазақстанның білім беру жүйесін қалыптастыруда және дамытуда Алашорда өкілдерінің баға жетпес рөл атқарғанын дәлелдей отырып, музей қорын толықтыру үрдісінде әрбір тұлғаға қатысты деректерді жинастырып, жүйелеу үрдісімен толығып отырады.

XX ғасырдың 30-шы жылдарындағы қуғын-сүргінде жоғарыда аттары аталған Алаш зиялылары және қазақтың оқыған ең таңдаулы өкілдерінің құрбан болуы қазақ философиялық ой-сананың озық дәстүрлерінің де жойылуына себеп болды.

XX ғасырдың сексенінші жылдарының соңына қарай жазықсыз репрессияға ұшыраған қазақ элитасын ақтау үрдісі қоғамда үлкен серпіліс жасауға себепкер болғанымен, Алаш арыстарын ақтауда кенестік қоғамда жетілген «қызмекерлер» арасындағы «сақтық» шаралары әлі де болса көптеген кедергілер келтіріп, тосқауыл болғандығы шындық.

1984–1986 жж. Ғылым академиясының вице-президенті академик Зәки Ахметов М.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтында 1986 жылы әдебиет теориясы және методологиясы бөлімін ашып, қазақ әдебиетінің тарихында жаңа ізденістерге жол салған еді. Институт ғалымдары сталиндік репрессияға ұшыраған Алаш қайраткерлерін ақтау мен олардың мұрасын жинап бастыру, зерттеу ісінде үлкен еңбек етті.

Осы кезеңде, ақталуға тиісті Міржақып Дулатұлының аты аталмай, қайраткердің қызы Г.Дулатованың әкесін ақтауға қатысты тиісі орындарға жазған хаттары түрлі себептермен қанағаттандырылмауы жас ғалым Марат Әпсеметовке үлкен ой салып, ғылыми ізденіске жетеледі. Нәтижесінде, Әпсеметов Марат Оралбайұлы Қазақ КСР Ғылым Академиясының М.Әуезов атындағы әдебиет пен өнер институтында академик Зәки Ахметовтың ғылыми жетекшілігімен «Творчество М.Дулатова в историко-литературном процессе начала XX века» тақырыбында кандидаттық

диссертация қорғады. Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері жас ғалымға М.Дулатұлының шығармашылығын һәм қоғамдық көзқарасын ХХ ғасырдың бас кезіндегі тарихи-әдеби үрдістің контекстінде қарастырып, Қазақстандағы қоғамдық-саяси күреске қатысудағы жазушының рөлі мен орнын анықтауға негіздеді. М.Әпсеметов М.Дулатұлының қазан төңкерісіне дейінгі Ресей патшалық үкіметі мен Кеңестік өкіметтің цензурасы тарапынан тиым салынып отырған шығармаларын қайта жаңғырту жолында ХХ ғасырдың бас кезіндегі демократиялық әдебиеттің қалыптасуы, жаңа әдеби жанрлардың дамуы жөніндегі мәселелерді көтерді. Жұмыстың әдіснамалық негізі мәдениет және эстетика тарихы бойынша отандық философтардың еңбектері, қоғамтанушылардың, қазақ әдебиеті мен қоғамдық ой-сананың даму тарихы бойынша әдебиеттанушылардың зерттеулерімен үндестікке құрылған. Осы диссертациядағы жұмыстың ғылыми жаңалығы қазақ әдебиеттануында тұңғыш рет кешенді түрде М.Дулатұлының ғұмырнамасы, ағартушылық қызметі, оның азаматтық және лирикалық поэзиясы, «Бақытсыз Жамал» романының құрылу тарихы зерттеліп, жазушының әңгімелері мен әдеби шығармалары талданады.

1995 жылы ҚР Ұлттық Ғылым академиясының академигі, профессор Зәки Ахметовтің редакторлығымен М.О.Әпсеметтің «Міржақып (өмірі мен шығармашылығы)» монографиясы Алматыдағы КЕНЖЕ-Пресс баспасынан, «Міржақыптың оралуы» кітабы ҚР Ұлттық Ғылым академиясының Шығыстану орталығынан жарық көрді. Гүлнар Міржақыпқызы жазған бұл кітаптің алғысыөзінде мынадай жолдар бар: «Советтер тұсында ідебиет пен тарих беттерінен алынып тасталған, аттары еріксіз өшірілген арыстардың шығармашылық еңбектерін орнына келтіруде Марат аянбай күш салып, ешкімнің демеуі болмай-ақ Мәскеу, Санкт-Петербург, Киев, Уфа, Қазан, Петрозаводск қалаларының архивтерін ақтарып шыққаны белгілі. Уфада башқұрт халқының ақыны, жазушы Сайфи Құдашпен жолығып, Міржақыпты «Азамат» кітабын ылғанын, ол кісіден көп мәлімет, шынайы деректерге ие болғанын айтып берген еді. Мараттың ең құнарлы еңбегі 60 жыл бойы құпия сақталып келген Карелия мен Қазақстан республикаларының қауіпсіздік комитеттері архивіндегі құжаттаға жол тауып, оның сырын ашуының өзі неге тұрады!» – дей келе, әкесінің мәйітін Карелиядан елге жеткізіп жерленгеніне шексіз риза болып, ақ батасын берген [2. 3]. Бұл кітапта автор осы аралда болған бұрынғы тұтқындар академик Д.С.Лихачев, Татарстанның халық суретшісі Бақи Орманшы, татар жазушысы М.Будайли, башқұрт жазушысы С.Құдаш, Л.Ю.Кижло, И.Н.Русинов, К.М. Стенникова, Д.Ф.Ильин, Н.Ф.Серегин, ұлты фин А.О.Куортилардан Міржақып Дулатұлы туралы естеліктермен қатар тарихи-деректік құжаттарды қоса ұсынған. Осы кітаптің 56-65 беттерінде ҚР ҰҚК (011494) 6 томында сақталған 1/1-1929 жылғы «Протокол допроса» Орфографиялық мәтіннің орыс тіліндегі түпнұсқасы толықтай келтірілген. Осы құжатта М.Дулатұлы халықтың балаларын оқыту мәселелерін қолға алған қазақ зиялыларының мектеп ашу барысында отарлаушылар тарапынан қиындықтар көруі, итжеккенге жер аударылуын ашына жазған. Мәселен, М.Дулатұлы: «В те годы темнота и невежество казахского народа были неопикуемые: не говоря о губернаторах и уездных начальниках, казахская масса дрожала перед последним урядником и терпела невыносимые идевательства, чему в свою очередь способствовали доморощенные чиновники, переводчики, волосные управители и пр: поборы, насилие, взятничество, ложные доносы стали обычным явлением; казахская женщина находилась в положении рабыни, лучшие земли отбирались без всякого учета под переселение, а сами казахи изгонялись в пустыню, царское правительство не только само не заботилось открывать школы, а наоборот, запрещало открывать школы казахами за свои собственные средства; попытавшиегося открыть школы (например Коцегулов, Науан-Хазрет и др) высылались в Якутскую область; о медицинской помощи население и понятие не имело...» [3. 56-65].

М.Дулатұлының айтып отырған адамдары Шәймерден Қосшығұл (Шәйке молда) мен Науан Хазірет Таласұлы Көкшетауда медресе ашып, ұстаздық қылған діни сауатты Бұхара Шәріпте оқыған тарихи тұлғалар. Ш.Қосшығұлмен М.Дулатов бірлесе 1907 жылы Петерборда «Серке» газетін шығарған. Алайда, бұл газетте М.Дулатұлының «Біздің мақсатымыз» мақаласы мен «Жастарға» атты өлеңінің басылуынан цензура қауіптеніп, газет екі нөмірі шыққан соң жабылып қалған. Ш.Қосшығұл Ресейдің Мемлекеттік Думасына 2

мәрте депутаттыққа сайланған діндәр-қайраткер. Академик З.Ахметов өзінің «Жаңа идеялар жаршысы» атты мақаласында Міржақып Дулатұлының шығармашылығы туралы былай дейді: «Міржақып Дулатов ХХ ғасырдың бас кезінде қазақ қоғамында қанат жайған демократиялық қозғалыстың, елдің елдігі, еркіндігі, мәдени өркендеуі үшін күреске жаңа бағыттың ең ірі өкілдерінің бірі болды. Сондықтан оның поэзиясынан, барлық шығармаларынан тынымсыз: іздену, ілгері ұмтылу сарыны, күрес рухы бірден-ақ күшті сезілді. Ақынның, алғашқы өлең жинағының аты болған «Оян, қазақ!» деген сөз жалпы жұртқа жар салғандай болып жаңа дәуірдің қуатты үніндей естілді», дей отырып, ақынның «Қазақ халқының бұрынғы мәгішаты», «Қазақтың бұрынғы һәм бүгінгі халі», «Сайлаушылар хақында», «Қазақ жерлері», бірнеше өлеңдеріне теориялық талдау жасаған. Сондай-ақ, З.Ахметов М.Дулатұлының «Ғылымың болса-дағы ұшан-теңіз, Пайда жоқ өз халқыңа қызмет етпей» деген кредосын ескерте отырып, халықтың тағдырын ойлап, толғанып, елдің бірлігін, бірауыздылығын арттыру, заманның ыңғайына қарай қам жасау, харекет қылу, талаптану, адал қызмет қылу, жастарға білім беру, ғылым үйрету, мұсылманшылық жолын ұстауға үндегендігіне назар аудартады. Ақынның «Сырым», «Мұң», «Қиял», «Көңіліме», «Арманым», «Қажыған көңіл» секілді өлеңдерді ішкі жан дүниесін танытатын көңіл күй лирикасы тобына жатқыза келе, «Оның ақындық бітім-тұлғасын тұжырымды түрде сипаттап беруді мақсат етсек, Міржақыптың өмірі құбылыстарын, адам мінезін, іс-әрекетін бейнелеу шеберлігі ойнақшыған отты сезімге бой алдырудан гөрі салқынқанды ойлағыштық қабілеттің айрықша қуаттылығына негізделеді дер едік» [4].

Зәки Ахметовтің жетекшілігімен ең алғаш Міржақып тақырыбына қалам тартқан, ғылыми диссертация қорғаған алаштанушы ғалым Әпсемет Марат Оралбайұлы «Міржақыптың өмірі мен шығармашылығы» атты қолжазбасында Міржақып Дулатұлының естелігіндегі мынадай: «1904 жылы Семей облысы, Зайсан уезіндегі – Қытай шекарасына тиіп тұрған ауылдық мектептердің біріне ауыстырылды» деген жолдарды келтіреді де, осы жерде ол Бекмұхамбет қажы ашқан қазақ мектебінде қазақ және орыс әдебиетінен, арифметикадан сабақ берді», дейді [5. 25]. Осы гәпті толықтыра кетсек, М.Дулатұлы 1904 - 1906 жылдар аралығында патша өкіметі тарапынан қуғындалып, алдымен Семейге, содан соң Зайсан өңіріндегі белгілі бай, меценат Бидахмет Бәбікенов (Б.Бобкин) «1867-1920) кеңесімен Зайсан уезіне келген. Зайсан уезінің негізгі тұрғындары Найманның Төртуылдары мен татар көпестері болған.

1905-1908 жылдары аралығында Зайсан өңіріндегі Жапабай Қажы мен Бекмұхамбет указ аштырған қазақ мектеп-медресесінде сабақ береді. Нақтылай айтсақ, Қара Ертіс болыстығының құрамына 8 әкімшілік ауыл кірген, соның 6-шы ауылына қарасты Серғазы, Байгөбек, Жарлы, Өлгенгерек, Еккентерек, Батпақсу, Қарашілік, Көзарал, Қасқыртүбек сынды елді-мекендерде Төртуылдың Тұзақшы мен Есімбек аталарынан тараған отбасылар орналасқан-ды. Жарлыда (қазіргі Қуаныш) ауылының старшыны Ахмади Саржанұлы мен Жапабай болыстың қолдауымен молда Бекмұхамед указ ер және қыз балаларды жәдидшілдік бағытта оқытатын мектеп ашып, шәкірттерге Алаш зиялысы Міржақып Дулатов сабақ берген. Сатыбалдыұлы Бекмұхамбет указ Серғазы ауылында тұрған. Сатыбалды ұлы Бекмұхамед указды З.Кәрімхан «Алаш жолымен» атты мақаласында былай таныстырып өтеді: «Бекмұхамбет Сатыбалдыұлы өзі молда бола тұра, қалайша жаңаша мектеп ашқан деген сұрақтың туындауы заңды. Ол кісі Ташкентте жеті жыл медреседе оқып, Уфа қаласындағы мүфтилікке сынақ тапсырып, патшалық тарапынан берілетін «Указной мула» деген атақ алған көзі ашық адам болған. Зайсанның атақты саудагері Бидахмет Бобкинге мектебі үшін мұғалім тап деп тапсырады. Ол кісі Міржақыпты лайық көрген. Міржақыптың алғашқы шәкірттері Бекмұхамбеттің өз ұлдары Адамбек пен Ғадылбек, Жапабай қажының баласы Сіләмбек, Халит болыстың баласы Рахметолда болды. Ел ағалары өздері үлгі көрсеткен соң, өзгелер де балаларын оқыта бастаған. О баста әр старшын елден екі баладан оқуға жіберуді міндеттеуге дейін барған. Бекмұхамбет үлкен ұлы Адамбекті Семейдегі семинарияда оқытады. Кіші ұлы Ғадылбекті Түркияға оқуға жібереді» [6].

Міржақып Дулатұлы Зайсан уезіндегі мұғалім болып жүрген күндерін еске алып: «Ел қайда, Төртуылдай өр Найманда,
Бір күнде болып жүрдік біз сайранда.
Ол елдің салтанатын айтып болмас,
Тұрғандай басын шайқап, ел қайранда...
деп Жапабай қажы мен Бекмұхамбет указға хат жазған.

Осы үшбу өлең-хатында «Қажыға еш адамды теңгермеймін» дегендегі қажысы - Жапабай қажы Бітібайұлы. Ол 1842 жылы туған, өзі қажы, діндәр тұлға, елге сыйлы болғандықтан Қара Ертіс Төртуылының болыстығына, ал 1892-1905 жылдары аралығында бес рет жалғастыра сайланған. Жапабай қажы 15-20 жыл шамасында болыс болғанда, елдің білім алуына, зайырлы тұрмыс құруына ерекше мән берген тұлға. Өйткені оның болыстығына қараған Андабарақ Төртуылдың ішіндегі қыз-келіншектері Еуропша киініп, биік стол мен орындыққа көшіп, үй жиһаздарына шілтер тоқып, әсемдеп тұрмысына кіргізген, заң-зәкүнге жүйрік діни сауатты, бірнеше тілді меңгерген оқымысты ел ағалары көптеп шыққан [7. 153].

Сатыбалдыұлы Бекмұхамбет указ - «Ташкентте жеті жыл діни білім алып, оны Уфа қаласындағы муфтиге сынақ тапсырып, «указной» молда деген заңды құжат берілген, бұл – патша жарлығымен бекітілген діни лауазым, тәртіп бойынша берілген ресми құжат. «Указной» молда атанған Бекмұхамбет Міржақыппен 1904 жылдан басталған достық рәуішті байланысын үзбей, ақыл-кеңес, жөн-жоба алып тұрған» Бекмұхамбет молда патша үкіметінің тиесілі деген 15 десятина үлес жерін алуға ауылдастарын көндіріп, Серғазы өзені бойынан қоныс салады. Жер бетіне жаңа қазақ ауылы бой көтереді, іргесі қаланғанына бес жыл толуына байланысты атауын «Қуаныш» қояды [8].

Бір айта кетерлігі, Зайсан өңіріндегі Қуаныш ауылын құруда Міржақыптың бір кісідей қатысы бар екендігінің дәлелі ретінде, Қуаныш ауылының тарихы жазылған тақтада ұстаздың есімі бірінші болып тұрғандығын бұл елдің М.Дулатұлына деген ерекше құрметін көрсетеді деп білеміз.

Л.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетіндегі «Білім тарихы» музейіндегі экспозициялардағы тұлғаларды жас ұрпаққа таныстыру мақсатындағы экскурсия тақырыптары терең үңілуді қажет етеді. Бұл жайында Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы- ректоры, академик Ерлан Бәтташұлы Сыдықов «Ұшқан ұя» атты арнайы телехабарда «Біз Еліміздегі белгілі тұлғаларға қарап бой түзедік...» деп, бүгінгі жастарға үлгі боларлық елдің «геройларын» табу, еліміздегі тарихи орындар мен тарихи тұлғаларды танып өсуінің маңыздылығын баса айтқан болатын. Ойымызды қортындылай келе, тарихи тұлғаларды танудың жақсы үлгісі музейлерде екендігін және музей ісінің дамуы руханиятқа апаратын даңғыл жол екендігін ескеру ләзім деп санаймыз. Өйткені, Музей тек білім ғана емес, сонымен қатар іс-харекет, ізденістер мағынасындағы тарихи-мәдени орын.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Федоров Н.Ф. Музей, его смысл и назначение. http://dugward.ru/library/fedorov/fedorov_muzei.html
- 2 Әпсемет М.О. Міржақыптың оралуы. – Алматы: ҚР Ұлттық Ғылым Академиясы. ОПО «Полиграфия», 1995.
- 3 [Ахметов З. Жаңа идеялар жаршысы. https://abai.kz/post/13423](https://abai.kz/post/13423)
- 4 Әпсемет М.О. «Міржақыптың өмірі мен шығармашылығы». Қолжазба.
- 5 [Кәрімхан З. Алаш жолымен. https://e-history.kz/kz/news/show/1959](https://e-history.kz/kz/news/show/1959)
- 6 Қабден-Кәрім А., Иген А. Ел қайда Төртуылдай өр Найманда. «Кетбұқа-Төлегетай қоғамдық қоры» баспасы. – Өскемен, 2021.
- 7 [Кәрімхан З. Алаш жолымен. https://e-history.kz/kz/news/show/1959](https://e-history.kz/kz/news/show/1959)
- 8 Сыдықов Е.Б. [«Арнайы хабар». Ұшқан ұя – поиск Яндекс по видео \(yandex.kz\)](https://yandex.kz)